г. Алматы /
Алматы қ. сериясы 41 № 41280319002/271118/3-2 28.03.2019 ж./г.

«Nomad Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ, мекенжайы: A15X3C7, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Республика алаңы к-сі, 15 үй, 1,3 қабат, БСН 080 340 004 077, КБЕ 15, ТАК 833, экономика секторы - 5, резиденттік белгісі - 1, "Банк ЦентрКредит" АҚ, SWIFT БСК KCJBKZKX, KZ248562203105080225, тел.: 8 (727) 320-10-61, 320-10-62, факс: 8 (727) 320-10-59.

Осы арқылы «Nomad Life» ӨСК» АҚ «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген 21.01.2019 жылғы № 2.2.47 Лицензия, әрі қарай «Сақтандырушы» деп аталатын 27.11.2018 г. №271118/3 Сенімхат негізінде іс-әрекет ететін аймақтық офис Директоры сенімхат негізінде әрекет ететін, осы тараудың 2-тармағында аталған Оралбекова Гульмира Курбановна, әрі қарай «Сақтанушы» деп аталып, ал бірге «Тараптар» деп аталатын төмендегілер туралы жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару барысында оны жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру туралы осы шартты жасады (әрі қарай – шарт):/
Атауы/Наименование Ясли сад №16 Управления образования г. Алматы МКҚК/ ГККП Ясли сад №16 Управления образования г. Алматы
Тұлғасында/ в лице Директора Тусуповой М.А.
Жарғы негізінде әрекет етуші/ действующей на основании Устава
Банктік деректемелері: ЖСК/ Банковские реквизиты: ИИК KZ258560000000031650 в "Банк ЦентрКредит" АҚ АО "БанкЦентрКредит", БСК/ БИК KCJBKZKX
БСН/ БИН 001240002075
Коды/ Код КБЕ/ КБЕ 17

Сақтанушының жалпы жұмыскерлер саны/
Сақтанушының барлық жұмыскерлерінің жылдық еңбекақы қоры, теңге/
Кәсіби қауіптің сыныбы/

Зардап шеккен жұмыскер (ол қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жұмыскер қайтыс болған жағдайда келтірілген шығынның өтемін алуға құқылы тұлға), сондай-ақ сақтанушы немесе Пайда алушыға сақтандырушының жауапкершілігі көлемінде шығынды өтеген және сақтандыру төлеміне қатысты құқыққа ие болған басқа тұлға./
Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару барысындағы жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру (әрі қарай - «жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру») объектісі жазатайым оқиға салдарынан өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген, оған кәсіби еңбекке жарамдылығының жоғалу деңгейін тағайындауға соқтырған немесе қайтыс болған жұмыскердің мүліктік мүддесі болып табылады./
Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 186-бабында көзделген мән-жайлар кезінде қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде ол (олар) ұшырайтын, соның салдарынан қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соғатын өндірістік

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жарақаттану, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улану болатын еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиға (жазатайым оқиға)./
42 651 240 (қырық екі миллион алты жүз елу бір мың екі жүз қырық
Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
51 181 елу бір мың бір жүз сексен бір) теңге/тенге
Сақтандыру тарифі 0,12
Бір жолғы, Келісім-шартқа қол қойған мезеттен бастап 10 банк күні ішінде.

Осы Келісім-шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының төленуін Сақтанушы ақшалай емес төлем арқылы, Сақтандырушының осы Келісім-шартта көрсетілген банктік шотына ақша аудару жолымен/ немесе Сақтандырушының кассасына ақшалай қаражат енгізу арқылы осы Келісім-шартта бекітілген мерзім ішінде жүзеге асырады.
Сақтандыру сыйлықақысын ақшалай қаражатпен өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған шектеулердің ескерілуімен жүзеге асырылады.
Сақтанушының жұмыскерінің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару территориясы. /
29.03.2019 ж. бастап 28.03.2020 ж. дейін/
II ТАРАУ

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІСІ

1.1. Осы Келісім-шарттың мәнісі жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау барысында жазатайым оқиғалардан сақтандыру болып табылады, соған байланысты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын өтеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда осы Келісім-шартта қарастырылған көлемде және тәртіпте сақтандыру төлемін беруге міндеттенеді.

2. САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

2.1. Бұл Келісім-шарт Қазақстан Республикасының «Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау барысында жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңына (әрі қарай - «Заң»), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сай жасалды. Келісім-шарт Сақтанушының еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау барысында өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілуі ықтимал жұмыскерлерінің (Өтініш-сауалнамаға сәйкес) пайдасына жасалған. Өтініш-сауалнама Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ.

3.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және осы Келісім-шарт бойынша сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайдағы Сақтандырушының жауапкершілігінің шектік көлемі болып табылады.
3.2. Келісім-шарт бойынша сақтандыру сомасының Келісім-шартты жасау кезіндегі барлық жұмыскерлердің еңбекақыларының жылдық қорынан кем болмауы керек. Сақтанушы еңбекақы қорын анықтау барысында әрбір жұмыскердің ай сайынғы табысы тиісті қаржылық жылғы «Республикалық бюджет туралы» Заңда бекітілген минималды еңбекақының он еселенген мөлшерінен артық болмайтын көлемі он екіге көбейтіліп алынады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.3. Сақтандыру сомасы сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) сомасына және (немесе) осы Келісім-шарттың 4-тармағында қарастырылған жерлеу рәсімдеріне жұмсалатын қаражат сомасына кемітіледі.
3.4. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға соңғысының Пайда алушыға осы Келісім-шартта қарастырылған көлемде сақтандыру төлемін беру міндеттемелерін алғандығы үшін өтеуі тиіс ақша сомасы.
3.5. Егер осы Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде еңбекақы қоры және (немесе) штаттағы жұмыскерлер саны өзгеретін болса, Келісім-шарт қосымша келісім жасау жолымен (сақатандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының көлемі бойынша) өзгертіледі. Сақтандыру сыйлықақысы осындай жағдайда Келісім-шарттың аяқталуына дейін қалған мерзімге пропорционал уақыт бойынша қайта есептеледі.

4. КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ КӨЛЕМІН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.
КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ.
4.1. Жұмыскердің 5 (бес) пайыздан бастап 29 (жиырма тоғыз) пайызға дейін, қоса алғанда, еңбекке жарамдылығын жоғалту деңгейін тағайындауға байланысты еңбекақысының (табысының) жоғалуы бойынша келтірілген залалды Сақтанушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сай өтейді.
4.2. Жұмыскердің 30 (отыз) пайыздан бастап 100 (жүз) пайызға дейін, қоса алғанда, еңбекке жарамдылығын жоғалту деңгейін тағайындауға байланысты еңбекақысының (табысының) жоғалуы бойынша келтірілген залал бойынша жұмыскерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін Сақтандырушы өтейді.
4.3. Жоғалған еңбеақы (табыс) көлемін есептеу үшін ескерілетін орташа айлық еңбекақы (табыс) көлемі осы Келісім-шарт жасалған күнгі «Республикалық бюджет туралы» Заңда бекітілген минималды еңбекақының он еселенген көлемінен артық болмайды.
Сақтандыру төлемінің көлемі еңбекке жарамдылығын жоғалған жағдайдағы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін әлеуметтік төлем сомасы шегеріліп анықталады.
4.4. Осы Келісім-шарт бойынша жұмыскерді бір жылдан аз мерзімге кәсіби еңбекке жарамсыздануына ұшыратқан сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда жұмыскердің еңбекақысының (табысының) жоғалуына байланысты келтірілген залал бойынша өтелуі тиіс сақтандыру төлемін Сақтандырушы ай сайын аннуитет келісім-шарты негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бекітілген көлемде береді. Мұндай жағдайда бірінші төлем осы Келісім-шарттың 6-бабында қарастырылған құжаттар тапсырылғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде беріледі.
4.5. Осы Келісім-шарт бойынша жұмыскерді бір жылға немесе одан ұзақ мерзімге кәсіби еңбекке жарамсыздануына ұшыратқан сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда жұмыскердің еңбекақысының (табысының) жоғалуына байланысты келтірілген залал бойынша өтелуі тиіс сақтандыру төлемі аннуитеттік төлем ретінде жұмыскердің пайдасына осы Келісім-шарт бойынша Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында осы Келісім-шарттың 8-тармағына сай жасалған аннуитет келісім-шартына сәйкес жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамсыздануы анықталған немесе ұзартылған (қайта тексерілен) мерзім ішінде беріледі, бірақ жұмыскердің Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңында бекітілген зейнеттік жасқа жеткен уақытынан ұзақ емес.
4.6. Сақтандырушының жұмыскердің еңбекақысының (табысының) жоғалуы

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

бойынша шеккен залалы үшін беретін сақтандыру төлемінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақылық жарналар ұсталып қалады және аударылады.

4.7. Осы Келісім-шарт бойынша жұмыскердің қайтыс болуна ұшыратқан сақтандыру оқиғасы орын алғанда, соның ішінде орын алған жазатайым оқиға салдарынан оның денсаулығының нашарлауы да бар, жұмыскердің қайтыс болуына байланысты сақтандыру төлемі аннуитеттік төлем ретінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сай осы Келісім-шарт бойынша Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында осы Келісім-шарттың 8-тармағына сай жасалған аннуитет келісім-шартына сәйкес келтірілген залалдың өтемін алуға құқылы тұлғалар пайдасына беріледі. Мұндай жағдайда, аннуитет келісім-шартына сай сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес аннуитеттік келісім-шартта бекітілген мерзім ішінде беріледі.

4.8. Жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейін тағайындау салдарынан болған қосымша шығындарды Сақтандырушы жұмыскер немесе сол шығындарды шеккен тұлға тапсыратын, аталған шығындарды растай алатын құжаттар негізінде қайтарады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін шығыстар сақтандырушының өтеуіне жатпайды. Денсаулыққа келтірілген залал бойынша өтелетін сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемінің төмендегі шамадан артық болмауы тиіс (тиісті қаржылық жылға «Республикалық бюджет туралы» Заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш есебімен):

1) кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі 30 пайыздан бастап 59 пайызға дейін анықталса, қоса алғанда - 500;

2) кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі 60 пайыздан бастап 89 пайызға дейін анықталса, қоса алғанда -750;

3) кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі 90 пайыздан бастап 100 пайызға дейін анықталса, қоса алғанда - 1000.

4.9 Денсаулыққа келтірілген залал салдарынан болған қосымша шығындарды Сақтандырушы осы Келісім-шарттың 4.8-тармағында анықталған көлемде жұмыскер немесе сол шығындарды шеккен тұлға аталған шығындарды растай алатын құжаттарды тапсырған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өтейді. Денсаулыққа келтірілген залал бойынша өтелетін сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемін Сақтандырушы кәсіби еңбекке жарамсызданудың бастапқыда тағайындалған деңгейі бойынша осы баптың 4.8-тармағында бекітілген көлемде береді.

4.10. Зардап шеккен жұмыскер қайтыс болған жағдайда оны жерлеу рәсімдерімен айналысатын тұлғаға Сақтандырушы жүз айлық есептік көрсеткішке тең көлемде жерлеу рәсімдерінің шығынын өтейді.

4.11. Егер осы бапта қарастырылып отырған сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеу рәсімдеріне жұмсалған шығындардың көлемі осы Келісім-шартта анықталған сақтандыру сомасының көлемінен артық болса, айырмашылығы Сақтанушыға Сақтандырушы есебінен өтеледі.

4.12. Сақтандыру төлемін аударуға қатысты шығындар Сақтандырушы есебінен өтеледі.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Сақтанушы құқылы:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) сақтандыру оқиғасы орын алғанда жұмыскерді еңбекті қорғау бойынша құзырлы мемлекеттік органның аймақтық бөлімшесінің- Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сай еңбектік қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органы (әрі қарай – Құзырлы орган) тексеру барысына қатысуға;
2) өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін сот арқылы қорғауға;
3) Сақтандырушыдан міндетті сақтандыру шарттарын, осы Келісім-шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін түсінідіруді талап етуге;
4) сақтандыру қауіпін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны шақыртуға;
5) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін беруден бас тарту туралы немесе оның көлемін азайту туралы шешімін шағымдауға.
5.2. Сақтанушы міндетті:
1) сақтандыру сыйлықақысын осы Келісім-шартта қарастырылған көлемде, тәртіпте және мерзімде өтеуге және сақтандыру бойынша өзіндегі барлық құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сақталуын қамтамасыз етуге;
2) жұмыскердің (жұмыскерлердің) кәсіби қауіптерінің сыныбы өзгерген уақыттан бастап он жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға мәлімдеме жасауға;
3) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған шараларды атқаруға;
4) дереу арада, бірақ сақтандыру оқиғасының орын алғандығы мәлім болған күннен бастап үш жұмыс күніен кешіктірмей ол туралы Сақтандырушыға хабар беруге;
5) сақтандыру оқиғаларының орын алу себептерін Құзырлы органның және Сақтандырушының өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен анықталуын қамтамасыз етуге;
6) сақтандыру оқиғасының орын алғандығын, сондай-ақ шеккен шығындарын дәлелдеуге;
7) Сақтандырушыға сақтандыру Келісім-шартында бекітілген мерзімде сақтандыру төлемін есептеуге қажетті құжаттарды тапсыруға;
8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жұмыскерлердің міндетті медициналық тексерістен уақытында өтуін қамтамасыз етуге;
9) Құзырлы органға және денсаулық сақтау ұйымдарына сақтандыру оқиғасына ұшыраған жұмыскерлердің еңбек ету жағдайлары туралы құжаттарды тапсыруға;
10) жұмыскерлерді өндірістен шеттетпестен еңбектің қауіпсіз әдістерімен және тәсілдерімен оқытуға;
11) Құзырлы органның жазатайым оқиғалардың алдын алу, профилактика және оларыд анықтау бойынша нұсқауларын орындауға;
12) өзінің қайта құрылуы немесе таратылуы туралы Сақтандырушыға хабарламаны уақытында беруге;
13) сақтандыру оқиғасының салдарынан болатын шығындарды азайтуға бағытталған шараларды атқаруға;
14) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алғандығы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;
15) осы Келісім-шарттың 4-бабында қарастырылған сақтандыру оқиғалары орын алған жағдайларда Сақтандырушымен аннуитет келісім-шартын жұмыскердің пайдасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жұмыскер қайтыс болған жағдайда шығынның төлемін алуға құқылы тұлғалардың пайдасына осы Келісім-шартта бекітілген сақтандыру сомасы көлемінде жасауға;
16) Келісім-шартта және Қазақстан Республикасының заңнамаларында

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

қарастырылған жағдайларда Сақтандырушымен Келісім-шартқа қосымша келісім жасауға;
17) осы Келісім-шартта қарастырылған барлық (басқа да) міндеттемелерін тиісті түрде орындауға.
5.3. Сақтандырушы құқылы:
1) Сақтандыру оқиғаларының тергелуіне қатысуға;
2) жұмыскерді Құзырлы органның аймақтық бөлімшесінің тексеру барысына қатысуға;
3) сақтандыру оқиғасына қатысты ақпараттарды тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті құзырлы органдарға сұраулар жасауға;
4) сақтандыру қауіпін бағалау үшін Сақтанушы объектілерін тексеруге;
5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін беруден бас тартуға;
6) сақтандыру оқиғаларының алдын алу бойынша нұсқаулар жасауға;
7) сақтандыру қауіпін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы шақыртуға;
8) залал келтірген тұлғаға кері талап қоюға.
5.4. Сақтандырушы міндетті:
1) Сақтанушыны осы Келісім-шарттың талаптарымен таныстыруға және оның осы Келісім-шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
2) Сақтандыру оқиғасы орын алғанда Заңға және осы Келісім-шартқа сәйкес сақтандыру төлемін және қайтыс болған жұмысшыны жерлеу рәсіміне жұмсалатын шығынды беруге;
3) Өзінің қызметі барысында Сақтанушы мен Пайда алушы туралы мәлім болған ақпараттардың құпия сақталуын қамтамасыз етуге;
4) Сақтандыру төлемін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда Пайда алушыға өтініш және осы Келісім-шарттың 6-бабында қарастырылған барлық құжаттар алынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жазбаша түрде бас тартуының себебі көрсетілген хабарлама жолдауға;
5) Сақтанушыға сақтандыру оқиғасы барысында залалды азайтуға жұмсаған шығындарын қайтаруға;
6) Осы Келісім-шарттың 4.4, 4.5 және 4.7-тармақтарында қарастырылған сақтандыру төлемдері уақытында берілмейтін жағдайда Пайда алушыға кешіктірілген әр күн сайын төленбеген соманың 1,5 % (пайызы) көлемінде өсімпұл төлеуге;
7) Сақтанушымен аннуитет келісім-шартын жұмыскердің пайдасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жұмыскер қайтыс болған жағдайда шығынның төлемін алуға құқылы тұлғалардың пайдасына жасауға;
8) Келісім-шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіп бойынша Сақтанушымен Келісім-шартқа қосымша келісім жасауға;
9) осы Келісім-шартта қарастырылған барлық (басқа да) міндеттемелерін тиісті түрде орындауға.
5.5. Пайда алушы құқылы:
1) Осы Келісім-шартта бекітілген тәртіпте және шарттар бойынша сақтандыру төлемін алуға;
2) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан осы Келісім-шарт бойынша сақтандыру талаптары туралы ақпараттарды тегін алуға;
3) Сақтандыру оқиғасын тергеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдерді Құзырлы органда немесе сотта шағымдауға;
4) медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша Құзырлы органның

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

аймақтық бөлімшелеріне жүгінуге;
5) Сақтандырушға сақтандыру оқиғасы туралы хабар беруге;
6) Сақтандыру оқиғасының тергелуіне қатысуға, соның ішінде жұмыскерлердің өкілінің немесе өзінің сенімгер тұлғасының қатысуымен.

6. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

6.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы өтінішті Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға жазбаша түрде береді, онда Пайда алушының тұрғылықты мекен-жайы, байланыс телефондары, банктік деректемелері (қажет болса), сақтандыру төлемін алу тәртібі – ақшалай немесе банктік шотқа аудару арқылы, көрсетіледі және сақтандыру төлемін алу үшін қажетті құжаттар қосымшаланады.

6.2.Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мыналар қосымшаланады:
1) кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі тағайындалған жағдайда:
- Келісім-шарттың көшірмесі;
- жазатайым оқиға туралы акт;
- зардап шеккен жұмыскердің тұлғасын куәландыратын құжат;
- кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейін тағайындауға құзырлы органның аймақтық бөлімшесі анықтамасының көшірмесі;
- құзырлы органның аймақтық бөлімшесінің көмек пен күтімнің қосымша түрлерінің қажеттілігі туралы анықтамасының көшірмесі;
- емге іс жүзінде жұмсалған шығындарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық түбіртек және басқалар);
- құзырлы органның аймақтық бөлімшесінің жалпы кәсіби еңбекке жарамсыздануы жағдайында тағайындалатын әлеуметтік төлемінің көлемі туралы немесе оны тағайындаудан бас тартуы туралы анықтамасының көшірмесі;
- кәсіби ауруының бар екендігін растайтын анықтаманың көшірмесі;
- зардап шеккен жұмыскердің жұмыс жасаған уақыт бойындағы еңбекақысының көлемін растайтын құжаттың көшірмесі, бірақ он екі айдан артық емес, бұл анықтаманы жұмыс беруші куәландырады;
2) жұмыскер қайтыс болған жағдайда:
- Келісім-шарттың көшірмесі;
- жазатайым оқиға туралы акт;
- жұмыскердің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариус арқылы куәландырылған көшірмесі;
- пайда алушының жұмыскер қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемін алуға құқылы екендігін растайтын құжаттың нотариус арқылы куәландырылған көшірмесі;
- пайда алушының тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- қайтыс болған жұмыскердің жұмыс жасаған уақыт бойындағы еңбекақысының көлемін растайтын құжаттың көшірмесі, бірақ он екі айдан артық емес, бұл анықтаманы жұмыс беруші куәландырады;
3) сақтанушының сақтандыру оқиғасы орын алған кезде шығындарды азайтуға немесе орын алуына жол бермуге бағытталған әрекеттері салдарынан шеккен шығындарын растайтын құжаттар, егер олар болса.

6.3. Сақтандырушының Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне тыйым салынған. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен олар қабылданған күн көрсетілген анықтаманы екі данада жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, ал өтініш берушінің анықтаманы алғандығы туралы белгісі қойылған

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

екінші данасы Сақтандырушыда қалады.
6.4. Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға осы Келісім-шарттың 6.2-тармағында қарастырылған барлық құжаттарды тапсырмаған жағдайда Сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы мәлімдеме жасауға міндетті. Сақтандыру төлемін беру барысында Сақтандырушы Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап жасау құқықтарын шектейтін шарттармен келісуін талап етуге құқылы емес.
6.5. Жұмыскер қайтыс болған жағдайда немесе зардап шеккен жұмыскерге кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі тағайындалған жағдайда сақтандыру төлемін жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру Келісім-шартын жасаған, тиісті Келісім-шарттың әрекет мерзімінде орын алған оқиға бойынша жауапты Сақтандырушы төлейді.
Жазатайым оқиға орын алған күн болып саналады:
- жұмыскер қайтыс болған жағдайда немесе зардап шеккен жұмыскерге кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі тағайындалған жағдайда – жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға орын алған күн;
- кәсіби ауруға шалдығу салдарынан жұмыскерге кәсіби еңбекке жарамсыздану деңгейі тағайындалған жағдайда- кәсіби паталогия саласы бойынша арнайы мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының қорытынды жасаған күні.

7. АННУИТЕТ КЕЛІСІМ-ШАРТЫН ЖАСАУ

7.1. Жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамсыздануы бір жылға немесе одан ұзақ уақытқа тағайындалған (қайта тексерідген) жағдайда немесе ол қайтыс болған жағдайда Сақтанушы Сақтандырушымен (осы Келісім-шарт бойынша) жұмыскердің пайдасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жұмыскер қайтыс болған жағдайда шығынның өтемін алуға құқылы тұлғамен Сақтандырушы ұсынатын үлгіде аннуитет келісім-шартын жасауға міндетті.
7.2. Аннуитет келісім-шарты осы Келісім-шарттың 6.2-тармағында қарастырылған құжаттар тапсырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде жасалады.
7.3. Аннуитет келісім-шарты зардап шеккен жұмыскердің немесе жұмыскердің қайтыс болуына байланысты шығынның төлемін алуға құқылы тұлғалардың табысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген көлемде және мерзімде алуын қамтамасыз ететін шарттарда жасалуы тиіс.
7.4. Аннуитет келісім-шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Пайда алушы төлемейді.
7.5. Аннуитет келісім-шартына қатысты талаптары мен Сақтандырушының аннуитет келісім-шартын жасау бойынша іс жүргізуге жұмсайтын шығындарының шартты көлемі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне сай бекітіледі.
7.6. Өмір мен денсаулыққа келтірілген залал үшін тиісті тәртіпте жауапты деп анықталған заңды тұлға таратылған жағдайда аннуитет келісім-шарты зардап шеккен тұлғамен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жұмыскер қайтыс болған жағдайда шығынның төлемін алуға құқылы тұлғамен Заңда қарастырылған тәртіпте жасалады.
7.7 Тараптар аннуитет келісім-шартын жасау барысында осы Келісім-шартта

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

қарастырылған жағдайларда Сақтандырушы аннуитет келісім-шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын осы Келісім-шарт бойынша сақтандыру сомасынан аннуитет келісім-шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін ұстап қалады. Егер Тараптар осы Келісім-шарт бойынша жасаған аннуитет келісім-шартына сай сақтандыру сыйлықақысының көлемі осы Келісім-шартта бекітілген сақтандыру сомасынан артық болса айырмашылығын Сақтандырушыға Сақтанушы өтейтін болады.

7.8. Аннуитет келісім-шарты жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру Келісім-шартын жасаған, тиісті Келісім-шарттың әрекет мерзімінде орын алған оқиға бойынша жауапты Сақтандырушымен жасалады.

8. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН БЕРУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН БЕРУДЕН БАС ТАРТУ

8.1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында қарастырылған жағдайда сақтандыру төлемін өтеуден толықтай немесе оның белгілі бөлігін өтеуден бас тарта алады.

8.2. Сақтандырушы зардап шеккен тұлғаның моральдық шығындары мен жоғалған пайдасын өтемейді, сондай-ақ зардап шеккен тұлғаның міндеттемелерінен туындайтын айыппұлдар мен тұрақсыздық айыпақыларын төлемейді.

8.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін беруден бас тартуына Сақтанушы (Пайда алушы) сотта шағымдана алады.

9. САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМ-ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ

9.1. Егер сақтандыру сыйлықасының (бірініші сақтандыру жарнасының) сомасы Сақтандырушының банктік шотына Келісім-шартқа қол қойылған күннен кейін, бірақ осы Келісім-шарттың I тарауының 11-тармағында көрсетілген әрекет етуі басталатын күнге дейін түскен болса, онда Келісім-шарт Сақтандырушының сақтандыру қорғанысын беру бөлігі бойынша осы Келісім-шарттың I тарауының 11-тармағында көрсетілген Келісім-шарттың әрекет етуі басталатын күннен бастап күшіне енеді.

Басқа жағдайларда бұл Келісім-шарт Сақтандырушының сақтандыру қорғанысын беру бөлігі бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы Сақтандырушының банктік шотына түскен күннен кейінгі күннің 00 сағатынан 00 минутынан бастап күшіне енеді.

9.2. Келісім-шарт алғашқы сақтандыру оқиғасы орын алғанда әрекет етуін тоқтатпайды.

10. КЕЛІСІМ-ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ. КЕЛІСІМ-ШАРТ ӘРЕКЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ.

10.1. Сақтандыру Келісім-шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып табылады:

- Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанда;

- Келісім-шарт уақытынан бұрын бұзылатын болса;

- Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) осы Келісім-шартта көрсетілген жалпы сақтандыру сомасы көлемінде төлеген болса.

10.2. Келісім-шарттың тоқтатылуы Сақтандырушыны Пайда алушыға Келісім-шарт

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

күшінде болған кезде жазатайым оқиға деп танылған жағдайлар бойынша сақтандыру төлемін беру жауапкершілігінен босатпайды.
10.3. Сонымен қатар осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабында қарастырылған жағдайда тоқтатылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайда Келісім-шарт уақытынан бұрын тоқтатылатын болса, онда Келісім-шарт Келісім-шартты тоқтатуға негіз деп танылған жағдайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып саналады, ол туралы мүдделі Тарапқа дереу арада келесі Тарап мәлімдеме жасайды.
10.4. Сақтанушы осы Келісім-шарттан Сақтандырушыға жазбаша мәлімдеме жасай отырып кез келген уақытта бас тарта алады.
10.5. Егер Сақтанушы қауіптің деңгейінің өзгеруіне байланысты осы келісім-шарт талаптарының өзгертілуіне және/немесе сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің қосымша төленуіне қарсылық білдіретін болса Сақтанушы Келісім-шарттың уақытынан бұрын бұзылуын талап ете алады.
10.6. Осы Келісім-шарт осы баптың 10.5-тармағында қарастырылған жағдайларға байланысты уақытынан бұрын тоқтатылатын болса Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды және осы Келісім-шарттың тоқтатылған күні болып Сақтанушының осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған күні болып саналады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша түрде мәлімдеме жасайды.
10.7. Егер бұл Келісім-шарттың уақытынан бұрын бұзылуы оның талаптарын Сақтандырушының орындамауы салдарынан болса, соңғысы Сақтанушыға ол өтеген сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде қайтаруға міндетті.
10.8. Бұл келісім-шарттың жаңа мерзімге Сақтанушы Сақтандырушыға осы Келісім-шартты пролонгациялауға ниетті екендігі туралы мәлімдемені осы Келісім-шарттың пролонгациялануы ықтимал күнге 10 күн уақыт қалғанға дейін, бірақ осы Келісім-шарттың мерзімі аяқталатын күннен кешікпейтін мерзімде мәлімдеме жасаған жағдайда пролонгациялануы мүмкін. Аталған келісім-шарт он екі айлық мерзімге жасалады, Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайды санамағанда.
10.9. Келісім-шартқа өзгерту енгізуге негіз болып табылады:
- Келісім-шарттың әрекет ету мерзіміндегі кәсіби қауіп сыныбының өзгеруі;
- Келісім-шарттың әрекет ету мерзіміндегі жұмыскерлердің еңбекақы қорының өгеруі;
- Келісім-шарттың әрекет ету мерзіміндегі жұмыскерлердің штаттық санының өзгеруі;
- Келісім-шартты жасау барысында Сақтанушы мәлімдеген деректер мен Келісім-шарттың маңызды шарттарының өзгеруі.

11.ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ. ИГЕРІМСІЗ КҮШ САЛДАРЛАРЫ.
11.1. Кезекті сақтандыру жарнасын уақытындау өтемегендігі үшін Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған тәртіп пен мөлшерде тұрақсыздық айыпақысын төлеуге міндетті.
11.2. Тараптар Келісім-шарт талаптарын орындамағандықтары немесе тиісті түрде орындамағандықтары үшін осы Келісім-шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жауапты.
11.3. Егер Тараптардың қайсыбірінің осы Келісім-шарт бойынша міндеттерін

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

толықтай немесе жартылай орындауы мүмкін болмаса немесе оның тиісті әрекет етуіне қандай да бір игерімсіз күш жағдайлары кедергі келтіретін болса, келесілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді: өрт, азаматтық соғыс, жер аудару, жалпыға міндетті әскер қатарына шақырту, құйын, төңкеріс немесе революция, реквизиция, тәркілеу, ұлттандыру, эмбарго және экспроприация, мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе биліктің басқа да шаралары, көтерілістер, локауттар, табиғи апаттар, мысалы: дауыл, жер сілкінісі, құйын, жанартаулардың атылуы, қар көшкіндері немесе су тасқыны, міндеттемелердің орындалуы кейінге қалдырылады және қандай да бір тұрақсыздық айыпақылары мен шығындарды өтеу бойынша жауапкершілікке ұшыратпайды.

11.4. Игерімсіз күш салдарлары міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатуға негіз болып табылады, тек қана аталған жағдайлар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бекітілген мерзімде орындауға тікелей кедергі болатын болса.

11.5. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауы мүмкін емес Тарап жоғарыда аталған жағдайлардың орын алуы туралы сондай жағдайлар орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде келесі Тарапқа жазбаша мәлімдеме жасауға міндетті. Игерімсіз күш салдарларының орын алуы туралы уақытында мәлімдеме жасау Тарапты сол оқиғаларға себеп ретінде сүйену құқығынан айырады.

11.6. Игерімсіз күш салдарлары тоқтаған уақыттан бастап 5 (бес) жұмыс күшінде аталған салдарларға ұшыраған Тарап келесі Тарапқа игерімсіз күш салдарларының тоқтатылғандығы туралы жазбаша мәлімдеме жасауға және өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастыруға міндетті.

11.7. Егер игерімсіз күш салдарлары 6 (алты) айдан астам уақыт бойы созылатын болса, онда Келісім-шартты кез келген Тарап бір жақты тәртіпте бұза алады.

11.8. Игерімсіз күш салдарларының орын алуының тиісті құзырлы органдардың құжаттарымен расталуы тиіс.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1. Келісім-шарт бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер арқылы талқылайды.

12.2. Тараптар өзара бітімге келе алмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешілетін болады.

13. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

13.1. Тараптар арасындағы сақтандыру мәселелері бойынша қарым-қатынастардың құпия ретінде сақталатындығына Сақтандырушы да, Сақтанушы да кепілдік береді.

13.2. Келісім-шартта қарастырылмаған басқа барлық жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Келісім-шарт заңдық күші тең екі данада, орыс және қазақ тілдерінде жасалды, Тараптардың әрқайсысына бір-бір данадан.

13.4. Осы Келісім-шарт бойынша сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге болып табылады. Осы Келісім-шарт бойынша барлық төлемдер теңгемен жүзеге асырылады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

14. САҚТАНДЫРУ АГЕНТІ ЖӘНЕ КОМИССИЯЛЫҚ СЫЙАҚЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ/ИНФОРМАЦИЯ ПО СТРАХОВОМУ АГЕНТУ И КОМИССИОННОМУ ВОЗНАГРАЖДЕНИЮ

Аты-жөні (атауы) /Ф.И.О./наименование) БЕЗ АГЕНТА

ЖСН/БСН ИИН/БИН _____

Тел./Тел.: _____

Орналасқан жері (тек заңды тұлғаның агенті үшін)/ Местонахождение (только для агента-юридического лица) _____

Шарт бойынша комиссиялық сыйақы /Комиссионное вознаграждение по Договору:

Иә☐ Жоқ■

Да☐ Нет■

15. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ / РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН

Сақтандырушы / Страховщик:
«Nomad Life» ӨСК» АҚ / АО «КСЖ «Nomad Life»

Оралбекова Гульмира Курбановна

_____
(қолы / подпись)
м.о. / м.п.

Сақтанушы / Страхователь:
Ясли сад №16 Управления образования г. Алматы МКҚК / ГККП Ясли сад №16 Управления образования г. Алматы

Тусупова М.А.

_____
(қолы / подпись)
м.о. / м.п.

2019-04-01 12:35:50
Тусупова Маншук Абежановна
Алматы қаласы Білім басқармасының "№16 бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Государственное коммунальное казенное предприятие "Ясли-сад №16" Управления образования города Алматы

2019-04-01 15:42:15
Антонников Игорь Игоревич
"НОМАД LIFE" Омірді сақтандыру Компаниясы" Акционерлік қоғамы

Акционерное общество "Компания по страхованию жизни "НОМАД LIFE"

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Алматы қаласы Білім басқармасының "№16 бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша қызмет көрсетулер	Жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша қызметтер		Бір қызмет	1	51 181.00	до 31 декабря 2019г	до 31 декабря 2019г	Алматы қ., Алмалы ауданы г Алматы Сейфулина 587 (1)	0	51 181.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Договор о государственных закупках услуг

АО «Компания по страхованию жизни «Nomad Life», адрес: A15X3C7, Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, ул. площадь Республики, дом 15, (этаж 1, 3), БИН 080 340 004 077, КБЕ 15, КНП 833, сектор экономики 5, признак резидентства 1, АО "БанкЦентрКредит" SWIFT БИК KCJBKZKX, KZ248562203105080225, тел.: 8 (727) 320-10-61, 320-10-62, факс: 8 (727) 320-10-59.
Настоящим АО «КСЖ «Nomad Life» Лицензия на право осуществления страховой деятельности по отрасли «страхование жизни» № 2.2.47 от 21.01.2019 года, далее именуемое «Страховщик», в лице Оралбекова Гульмира Курбановна, действующего на основании доверенности Директора регионального офиса действующего на основании доверенности №271118/3 от 27.11.2018 , указанное - в пункте 2 настоящего раздела, далее именуемое «Страхователь», совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона», заключили настоящий Договор обязательного страхования работника от несчастных случаев при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей (далее – Договор) о нижеследующем:
Экономика секторының коды/ Код сектора экономики 7
Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні /Дата первичной государственной регистрации 01.12.2000 ж./г.
Экономикалық қызметтің түрі/ Вид экономической деятельности Бастауыш білім (бірінші саты) Начальное образование (первая ступень)
Резидент/ Резидент ■ Бейрезидент/ Нерезидент□
Орналасқан жері/ Местонахождение Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Сейфуллина 587
Тел./Тел.:
количество работников Страхователя 58
Годовой фонд оплаты труда всех работников Страхователя, тенге 42 651 240,00
Класс профессионального риска 1
